



Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы

# Сапа бойынша есеп

*Қазақстан Республикасындағы электрондық  
коммерция туралы*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

## S.1 Байланыс деректері

### S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

### S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті

### S.1.3 Байланыс адамының аты

Болатбек Гүлсінай

#### S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Гульмира Сайлаубекқызы Қарауылова

### S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ө. сол жағалауы, Мәңгілік Ел көшесі, 8, Министрліктер үйі, 4 - кіреберіс

### S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

[g.bolatbek@aspire.gov.kz](mailto:g.bolatbek@aspire.gov.kz)

### S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172) 74-93-36

## S.2 Өзектілік- кіріспе

Сауда – республиканың экономикалық қызметінің бірден-бір ірі саласы және оның дамуы – экономиканың табысты жұмыс істеуінің басты шарттарының бірі. Электрондық сауда – тауарларды өткізу жөніндегі, ақпараттық-коммуникациялық техногиялар арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет. Электрондық коммерцияға тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) интернет арқылы жүзеге асырылатын компаниялар, үй шаруашылықтары, мемлекеттік немесе жеке ұйымдар арасында сату немесе сатып алу жатады. 2021 жылы бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі 3,6% жетті.

Жалпымемлекеттік статистикалық байқау Қазақстан Республикасындағы электрондық коммерцияны сипаттайтын негізгі көрсеткіштерді қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған. ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы №209 бұйрығымен бекітілген «Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру әдістемесіне» сәйкес электрондық коммерция туралы деректер жылдық негізде (өңірлер бөлінісінде) қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі, халықаралық ұйымдар, жергілікті атқарушы органдар және басқа да ведомстволар, жеке және заңды тұлғалар негізгі пайдаланушылар болып табылады.

## S.3 Метадеректерді жаңарту

### S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

### S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

### S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

## S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

### S.4.1 Деректерді сипаттау

Электрондық коммерция мәмілені автоматты түрде ресімдеу үшін (Интернеттің қолданбалы функциялары, деректерді алмасудың электрондық жүйесі, интерактивты телефон жүйелері) қолданылатын кез келген онлайн бағдарламалардың көмегімен алынған немесе орналастырылған тапсырыстарды қамтиды. Мұнда телефон, факсимильді байланыс немесе электрондық почта көмегімен алынған немесе орналастырылған тапсырыстар жатпайды. Электрондық коммерцияны сипаттайтын негізгі көрсеткіштер:

- 1) Интернет арқылы бөлшек сауда көлемі;
- 2) Интернет арқылы көтерме сауда көлемі;
- 3) Интернет арқылы қызметтерді өткізу көлемі;
- 4) Электрондық төлем жүйесі арқылы төленген өткізу көлемі;
- 5) Тауарлар мен қызметтерге ақы төлеудің тәсілдері;
- 6) Тауарларды жеткізудің тәсілдері.

### S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші (ӘАОЖ) ;
- 2) Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (ЭҚЖЖ);
- 3) Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші (МНЖ);
- 4) Заңды тұлғалардың көлемі жіктеуіші (ЗТЖ).

Аталған жіктеуіштер Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында /Басты/Жіктеуіштер/ бөлімде орналастырылған.

### S.4.3 Секторлық қамту

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 01,10-15, 18, 20, 22, 23, 25, 26, 27, 28, 31, 32, 45 (45.2, 45.40.3 қоспағанда) 46, 47, (47.91.0 қоспағанда) 49, 51, 52, 53, 55, 56, 58, 59, 61, 62, 63, 77, 79, 81, 86, 90, 93 кодтарына сәйкес экономикалық қызметтің негізгі түрлерімен саны 100 адамнан асатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері жаппай әдіспен, саны 100 адамға дейінгілер - іріктемелі әдіспен; ЭҚЖЖ 47.910 санына қарамастан - жаппай әдіспен, сондай-ақ ЭҚЖЖ-ға қарамастан, электрондық коммерцияны жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер тізім бойынша ұсынады.

### S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1)Электрондық коммерция бойынша қызмет көрсеткіштерін қалыптастыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 209 бұйрығымен бекітілген Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме негіз болып саналады. Әдістеме Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 22 қаңтарда № 12918 болып тіркелді.

2)Респонденттер тобы: Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) 01,10-15, 18, 20, 22, 23, 25, 26, 27, 28, 31, 32, 45 (45.2, 45.40.3 қоспағанда) 46, 47, (47.91.0 қоспағанда) 49, 51, 52, 53, 55, 56, 58, 59, 61, 62, 63, 77, 79, 81, 86, 90, 93 кодтарына сәйкес экономикалық қызметтің негізгі түрлерімен саны 100 адамнан асатын заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері жаппай әдіспен, саны 100 адамға дейінгілер - іріктемелі әдіспен; ЭҚЖЖ 47.910 санына қарамастан - жаппай әдіспен, сондай-ақ ЭҚЖЖ-ға қарамастан, электронды коммерцияны жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер тізім бойынша ұсынады

3)Құралдар: «Электрондық коммерция туралы есеп» (индексі Э-коммерция, кезеңділігі жылдық) статистикалық нысаны.

4)Байқау типі: жаппай, іріктемелі, тізім бойынша;

5)Респонденттердің ұсыну мерзімі есепті кезеңнен кейінгі 25 ақпанға (қоса алғанда) дейін. Осы статистикалық нысанды ұсыну қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) орналастырылған

«Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Нысан соңғы рет 2020 жылы қайта қаралды, статистикалық нысан Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ([www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)) интернет-ресурсындағы Респонденттерге - 2022 жылғы статистикалық нысандар - Жылдық нысандар бөлімінде орналастырылған.

#### S.4.5 Статистикалық объект

Қазақстан Республикасындағы электрондық коммерция.

#### S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Байқау түрі: заңды тұлға-жаппай, іріктемелі, дара тұлға – тізім бойынша;

2021 жылға дара кәсіпкерлер бойынша іріктемелі жиынтықтың көлемі жалпы іріктемелінің 10% құрайды (шамамен 8 мың респондент). Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген дара кәсіпкерлер, заңды тұлғалар және олардың оқшауланған құрылымдық бөлімшелері туралы ақпараттан тұратын Статистикалық бизнес-тіркелімі бас жиынтықты анықтау үшін дереккөзі болып табылады.

Бас жиынтықты қалыптастырудың негізгі критерийлері:

Белсенділік белгісі (АКТ) - 1 (жұмыс істеп тұрған), 2 (қызметін уақытша тоқтатқан);

Кәсіпорындардың өлшемділігі (КӘЖ)-105-160 (5-тен 100 адамға дейін қызметкер саны);

Кәсіпорындардың өлшемділігі (КӘЖ)-215-310 (100 адамнан жоғары қызметкер саны);

#### S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстары, республикалық маңызы бар қалалары мен астанасы)

#### S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда электрондық коммерция бойынша зерттеу жыл сайынғы негізде 2013 жылдан бастап жүргізіледі. 2013-2021 жылдардағы уақыттық қатарлар бар.

#### S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып табылады.

#### S.5 Өлшем бірлігі

Мың қазақ теңгесі

#### S.6 Есепті кезең

жыл

#### S.7 Құқықтық негіз

##### S.7.1 Құқықтық база

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2.Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3.Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.

4.Белгіленген заңнамалық тәртіппен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

5.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 209 бұйрығымен бекітілген «Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме».

6.«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі N 544 Заңы.

7.Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Статистика комитеті әзірлеген 2008 жылғы «Бөлшек және көтерме сауда статистикасы бойынша халықаралық ұсынымдар»;

8.Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Мемлекетаралық Статистика комитеті (ТМД Статкомитеті) 2011 жылы әзірлеген «Бөлшек сауда айналымын статистикалық байқау және оның нақты көлем индекcін есептеу жөніндегі әдіснамалық ұсынымдар».

#### S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

##### S.8.1 Құпиялылық саясаты

1.«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабы, оған сәйкес респонденттер ұсынатындеректердің құпиялығына және қорғалуына кепілдік берілді.

2.2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодекcінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3.Қазақстан Республикасының СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басшылық қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Бюроның есептеу техникасы құралдарында сақталатын және өңделетін ақпараттың құпиялылығын оның тұтастығы мен теңтүпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

##### S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 778 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары.

#### S.9 Жарияланымдар саясаты

##### S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағы.

Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай порталында (МОИП БП) [www.gov.kz](http://www.gov.kz) сайтында ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының бөлімінде орналастырылған.

#### S.9.2 Графикке қол жеткізу

2022 жылға арналған ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі [www.gov.kz](http://www.gov.kz) сайтында «Мемлекеттік органдар» - Басқалар - Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі – Құрылым – Бюро – Қызметі - Ресми статистикалық ақпаратқа пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру - Құжаттар бөлімінде орналастырылған.

#### S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ұлттық статистикасы бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында Ресми статистика - Салалар бойынша - Ішкі сауда статистикасы- Бюллетендер бөлімінде барлық пайдаланушыларға бір уақытта және тең қолжетімді.

#### S.10 Тарату жиілігі

#### S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

##### S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

##### S.11.2 Жарияланымдар

1)«Қазақстан Республикасындағы электрондық коммерция туралы» статистикалық

бюллетені Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында, Ресми статистика- Салалар бойынша - Ішкі сауда статистикасы - Бюллетендер бөлімінде жарияланады;

2)«Бөлшек және көтерме сауда» статистикалық жинағы Ұлттық статистика бюросының сайтында, Ресми статистика - Жарияланымдар - Статистикалық жинақтар бөлімінде жарияланады;

3)Негізгі көрсеткіштер Ұлттық статистика бюросының сайтында, Ресми статистика- Салалар бойынша – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы бөлімінде-Негізгі көрсеткіштер - Қазақстан Республикасындағы Е-commerce дамуын сипаттайтын көрсеткіштер бөлімінде жарияланады.

##### S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» ақпараттық талдамалық жүйесі- Ішкі сауда статистикасы-Ішкі сауда- Бөлшек сауда; «Талдау» ақпараттық талдамалық жүйесі- Ішкі сауда статистикасы- АЖҚС және ГҚС/Интернет-ресурстың негізгі сипаттамалары-Тапсырыстар саны.

##### S.11.3.1 AC1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған

##### S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік



Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрде ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидаларымен реттеледі (ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында жарияланды).

#### S.11.5 Өзге де

##### S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған.

#### S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

##### S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1)Ішкі сауда статистикасы көрсеткіштерін қалыптастыру бойынша әдістеме. ҚР СЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Әдіснама» бөлімінде орналастырылған;

2)«Статистика бойынша әдіснамалық ережелер 2018 жыл» толықтырылған төртінші басылым. ҚР СЖРА ҰСБ [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында «Әдіснама» бөлімінде орналастырылған.

##### S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

2.Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

#### S.13 Сапаны басқару

##### S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу көлемі бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлданған рәсімдермен құпталады:

-алғашқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;

-тауарлардың стандартты статистикалық жіктемесін пайдалану;

-алғашқы статистикалық деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу;

-динамикада статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізу;

-электрондық форматта алғашқы деректерді енгізу деңгейінде анықтығын тексеруді, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайту және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеруді айқындау

##### S.13.2 Сапаны бағалау

Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздығы Заңына сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

#### S.14 Өзектілік

##### S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі және тағы басқаралары);

ғылыми-зерттеу институттары (Экономикалық зерттеулер институты және тағы басқаралары);

халықаралық ұйымдар (ТМД, ЕБДҰ, БҰҰ және тағы басқалар);

ЖОО оқытушылары, студенттер және тағы басқаралары.

##### S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

«Пайдаланушыларға сауал салу» Q-002 сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға жыл сайын сауал салу жүргізеді.

##### S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Сауда кәсіпорындарының қызметі туралы деректердің толықтығы БҰҰ, Евростат, ЭБДҰ халықаралық ұсынымдарымен сәйкес келеді.

#### S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

##### S.15.1 Жалпы дәлдік

2021 жылғы Интернет арқылы көтерме сауда көлемі 209,8 млрд. теңгені құрады немесе 2020 жылғы тиісті кезеңнің деңгейінен 23,7% - ға кем.

2021 жылғы Интернет арқылы бөлшек сауда көлемі 482 млрд. теңгені құрады, бұл 2020 жылғы тиісті кезеңнің деңгейінен 1,1% - ға артық.

2021 жылғы Интернет арқылы қызметтерді өткізу көлемі 350 млрд. теңгені құрады, бұл 2020 жылғы тиісті кезеңнің деңгейінен 67,3% - ға артық.

##### S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Мақсатты бағытталған іріктеме қолданылғандықтан, бағалау мүмкін емес.

##### S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Барлық форматты-логикалық бақылаулар есепті жинау барысында түзетілді.

##### S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды

##### S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды

##### S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Респонденттер ұсынған мерзімнен бастап «Қазақстан Республикасында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу көлемі туралы есеп» бюллетенінің бірінші жариялануына дейінгі алғашқы нәтижелерді өндеуге жұмсалған уақыт орта есеппен 87 күнді құрайды. Бюллетеньде нәтижелер Статистикалық жұмыстар жоспары бойынша жыл сайын 23 мамыр жарияланады, олар түпкілікті болып табылады.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы нәтижелер соңғы нәтижелер болып саналады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі мен Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес мерзімдерде жарияланады және таратылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Деректер ҚР өңірлер арасында, сондай-ақ 3-информ нысаны арасында салыстырмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

2013 жылдан бастап уақытша қатарлардың салыстырмалылығы бар.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Ішкі сауда статистикасы бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру жөніндегі әдістеме Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Статистикалық комитеті әзірлеген Бөлшек және көтерме сауда статистикасы жөніндегі 2008 жылғы халықаралық ұсынымдармен және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекетаралық статистикалық комитеті (ТМД Статкомитеті) 2011 жылы әзірлеген Бөлшек сауда айналымын статистикалық байқау және оның нақты көлем индекcін есептеу жөніндегі әдіснамалық ұсынымдармен салыстырылды.

S.18.2 Ішкі келісушілік

S.19 Жүктеме

Респонденттің қалауымен деректерді жинау электрондық түрде және қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Деректерді онлайн-режимде жинау кезінде респондентке әдеттегі енгізу қателеріне жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау қарастырылған. Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыты 1 сағатқа дейін құрайды. Басқа зерттеулермен қайталау жоқ. Әкімшілік деректер пайдаланылмайды.

#### S.20 Деректерді қайта қарау

##### S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

2021 жылға қайта қарау болған жоқ.

#### S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

##### S.21.1 Бастапқы деректер

Электрондық коммерция бойынша статистикалық ақпарат саны заңды тұлғалардан: 100 адамнан асатын заңды тұлғалардан - жаппай әдіспен және саны 100 адамға дейінгі іріктемелі әдіспен, ал тізім бойынша электрондық коммерцияны жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерден алынған бастапқы статистикалық деректер негізінде қалыптастырылады. Іріктемелі жиынтықтың мөлшері 10% - дан аспауы тиіс. Іріктеменің салыстырмалы шекті қатесі кәсіпорындарды іріктеп зерттеу жүргізу әдістемесіне сәйкес іріктеменің репрезентативтілігін қамтамасыз етуі тиіс.

##### S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

##### S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Э-коммерция нысаны бойынша статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz) сайтында орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

##### S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайтуды және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы статистикалық деректерді электрондық форматта енгізу деңгейінде анықтығын тексеру белгіленген, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар енгізілген.

Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер, модульдер, тармақтар арасында.

##### S.21.5 Импутация - үлесі/А7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Деректер сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізу.